

## Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің 2022 жылғы 28 маусымдағы № 39 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 маусымда № 28646 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес ШЕШТІМ:

1. Жамбыл облысы Қордай ауданының Үлкен Сұлутөр ауылдық округінің Үлкен Сұлутөр ауылында, Ноғайбай ауылдық округінің Шарбақты ауылында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Қордай ауданы әкімінің орынбасары Е.Б.Нуралиев тағайындалсын және табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. "Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді Қордай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қордай ауданының әкімі*

*М. Мусаев*